




5 ТАМЫЗ

- 1997 жылы Қазақстанның Бейжіңдегі елшілігінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың қытай тілінде жарық көрген «Ғасырлар тоғысында» кітабының тұсауы рәсімі өтті.
- 1999 жылы Қазақстан, Эквадор, Ирландия, Малайзия мен Тунис жаппай қарусыздану жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы конференциясының құрамына кірді.
- 2008 жылы Елордала Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Есіп» ауданы құрылды.
- 2010 жылы Австрияның Қазақстандағы елшілігі «Тәңір-Ұмай» галереясында Барбара Цайдердің «Euro, work in progress» фотожобасы ұсынылды.
- 2011 жылы Қазақстанда БҰҰ ДБ және ҚР Үкіметімен бірлескен Жаһандық экологиялық қор іске асырған сулы-батпақты алқаптарды сақтау бойынша 7 жылдық жобаны аяқтады.
- 2013 жылы Елордала Ақпараттық дәйектілігін бағалау орталығы ашылды. Алматыда «Астана» алаңында ең үлкен скейт-борд таныстырылды.

6 ТАМЫЗ

- 1999 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Қазақстан Республикасының Патент Заңы», «Жер астында және ашық жерде, аса зиянды және ауыр жұмыс жағдайында жұмыс істейтін тұлғаларға арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы» және «Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары жарияланды.
- 2010 жылы Корея Республикасы Тэгу қаласында Алматының Мәдени күндері салтанатты түрде ашылды.
- 2012 жылы Лондонда XXX Жазғы Олимпиада ойындарында жеңіл атлетика жарысында әйелдер арасында үш қарғып секіруден қазақстандық спортшы Ольга Рыпакова үздік өнер көрсетіп, алтын медаль жеңіп алды.
- 2014 жылы Ақордала өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Министрлер кабинетінің қайта құрылатындығын жария етті. Үкіметтің жаңа құрылымы – 12 министрлік пен 30 комитет. Ал барлық 9 агенттік жойылып, комитет түрінде министрлік қарамағына кірді.

## СҮЙІНШІ!



## 19 миллионға жеттік!

Елдегі халық саны 19 миллионға жетті! Сүйіншілейтін жаңалықты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-дегі парақшасында бөлісті.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетті. Алматы облысында дүниеге келген Жәния Азаматқызы еліміздің он тоғыз миллионыншы азаматы ретінде тіркелді. Жәния – отбасында төртінші бала. Ата-анасы мен қазақстандықтарды осы қуанышпен құттықтаймын. Бауы берік болсын!» – делінген жазбада.

Назгүл Кобентаева, әкесі – 1982 жылғы Азамат Нұрғалиев. Жәния – отбасындағы төртінші бала. Филология ғылымдарының докторы Бауыржан Омаров Facebook-тегі парақшасында демограф-ғалым Мақаш Тәттімбеттің теориясын негізге алып: «Төртінші перзенттен бастап қана халықтың жалпы өсіміне үлес қосылады. Сондықтан бұл сәби қай жағынан да ақжолтай болып тұр», – депті.

Бүро хабарламасына сүйенсек, тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандықтар саны 2557,9 мың адамға (15,5%) өскен. Облыстық статистика департаменті жыл басында сырбойлықтар саны 814,6 мың болғанын жеткізді. Ал 1991 жылы 592,4 мың ғана еді. Егемендік алған ең алғашқы жылы өңірде 18,3 мың бала өмірге келсе, одан кейін көрсеткіш біршама төмендеді. Тек 2015 жылға қарай бала туу деңгейі жоғарылады. Өткен жылы 21,8 мың бала жарық әлем есігін ашты.

Тәгімов теориясына салсақ, биыл тәуелсіздік мерейтойы екенін ескерсек, кішкентай Жәнияның жолы жеңіл болатынға ұқсайды. Лайым, солай болғай!

«СБ» ақпарат

## ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТІРШІЛІК

## Ел асып еңбек ету мәжбүрлік пе?

Жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстанда 16 мыңға жуық шетелдік жұмыс істеп жүр. Бұл – 1 шілдедегі ресми мәлімет.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында сырттан келетін мамандарға жыл сайын квота бөледі. Оның биылғы мөлшері – жұмыс күшіне шаққанда 0,31 процент немесе 29,3 мың адам. Елге Қытайдан (3782), Өзбекстаннан (1953), Түркиядан (1633), Үндістаннан (1051), Венгрия (992) мен Ұлыбританиядан (959) ағылатындар көп. Шетелдік жұмыс күші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мамандар мен жұмысшылар сияқты санаттарды қамтиды. 2 мыңға жуық адам маусымдық жұмысты жөн көрсе, тағы осыныша адам корпоративтік ауыстыру тәртібімен тартылған. Осы күні Қазақстанда шетелдік жұмыс күшін пайдаланатын 1793 жұмыс беруші бар. Дегенмен, онда тер төгіп жүргендердің 97 проценті – отандастарымыз.

Министрліктің мәліметінше, еңбекмигранттарының саны 2021 жылдың көктемін бері 10 процентке өскен. Оның әрбір төртіншісі – қытайлық. Жұмыс істеу үшін рұқсат керек етпейтін Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің тұрғындарын есепке алмағанда, сырттан келетіндердің күрт көмуі өткен жылдың басында көрініс берді. Сол кезде Президент тапсырмасымен квота көлемі 43 мыңнан 29 мыңға немесе 40 процентке бір-ақ қысқарды. Пандемия кезінде ішкі нарықты қорғау осылай ғана мүмкін еді. Әйтсе де, отандық жұмыс берушілердің өзі шетелдік мамандарды тартуға онша құлық таныта қоймапты. Мысалы, 2020 жылдың басындағы өтініш саны 19,1 мың болса, биыл 1 қантарда ол 14,6 мыңға азайған. Бірінші тоқсанда тағы 600 бірлікке түсті. Статистикадан жағдайдың

мамыр айында ғана оналғанын байқау қиын емес. Көктемдегі көрсеткіш 15,4 мыңға жеткен. Мигранттардың үлкен бөлігі қытайлықтардың үлесінде. Аспанақты елі тұрғындарының еңбегі құрылыс, кен өндіру және өңдеу өнеркәсіптері салаларында өтімді болып тұр. Сауда-саттықпен айналысатындар өте аз – барлық қытайлық экспорттың небәрі 4 проценті. Алатақиялы ағайындар көбіне ауыл, орман және балық шаруашылығының, құрылыстың айналасында. Түркиялықтар өздерін негізінен құрылыс индустриясында дәлелден келеді. Ал ағылшындарға әкімшілік әрі қосалқы, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет бағыттарында сұраныс бар.

Халықаралық көші-қон ұйымының 2020 жылғы қорытынды мәліметіне қарағанда, әлемдегі әрбір бесінші адам туған жерінде тұрақтамайды екен. 2000 жылы дүние жүзіндегі мигранттар саны 173 млн шамасында болса, 2019 жылы 172 млн-ға жеткен. Демек, бұл – шекара таңдамайтын шетін мәселе. Еңбек мигранттары көбіне уақытша, заңсыз өрі кепілдік үде етілмеген жағдайда нан тауып, напқа айыруға мәжбүр. Ал бұл қауіпсіздік, жұмыссыздық мәселелерін туындатады. COVID-19 пандемиясымен байланысты дағдарыс аталған тәуекелдерді тек терендеті түсті. Әсіресе, біліктілігі болмаған соң азғантай айлық жалақыны қанағат тұтты үйренген әйелдер жағы әлеуметтік қорғау немесе басқалай қолдау шараларынан қағылды.

2-бет

## ЕКПЕ АЛ!

## Індет қаупі сейілер емес

Қазір «Сақтық – саулықта», «Жақынына жанашыр бол!» деген ұран сөздерден көз сүрінбейді. Ал, статистиканы қарасаң, індетке қатысты сөз сайын өзгеріп тұрған саннан жаңыласың. Вирустың кең таралуына қауіпсіздік шараларының сақталмауы басты себеп болып отыр.

Мәлдір КАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»



Халық әлі де бетперделік режимге мән бермейді. Үлкендеріміздің өзі мереке-жиыннан тыйылған жоқ. Өңірлік коммуникациялар қызметінде күн сайын ақпараттандыру шаралары қарқын алуға, спикерлер вакцинаның маңызы жайлы мағлұматтармен

бөлісіп келеді. Кезекті брифингте де Қызылорда су шаруашылығы мекемесі бастауын ұйымының төрағасы Жақып Бегіш пен Ұлттық саралау және сертификаттау орталығы жанындағы бастауыш ұйымының төрағасы Әбдіғалпар Әмірғалиев екені ем дейтіндер

мен пайдасы кем дейтіндердің таласы тоқтамағанын, алайда алдын алу шараларына бей жай қарауға болмайтынын еске салды.

Адам бағалай білмейтін екі құндылық бар. Оның бірі уақыт болса, екіншісі – денсаулық. Дертке шалдығудың алдын алу үшін де саулықтың қадірін, сақтықтың мәнін уақытысында түсіну маңызды. Мен де екпе алған тұрғындар қатарындамын, ешқандай жағымсыз әсер болған жоқ. Бастапқы үш күнде сақтану керек, яғни суга түсуге, адам көп шоғырланатын жерлерге баруға болмайды. Жалпы, кім-кім де карантин талабын сақтап, оған қоса індетке қарсы егілсе, біз одан тез құтыламыз деп ойлаймын. «Жасыл аймақта» қалудың жалғыз жолы – екпе алу», – деді Ж.Бегіш.

Әбдіғалпар Әмірғалиев екені алу немесе алмау өз еркімізде, бірақ әлемдік тәжірибе мен күнделікті күрделенген ахуалды саралай отырып, шешім шығарудың маңызды екенін алға тартты. Індеттің алдын кесуде қырағылық танытып, тұрғындарды сақтық талаптарын аттамауға шақырды.

Айта кетейік, өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Қызылорда «қызыл аймақта». Бүгінде облыста вакцинаның I компоненті 221 486 адамға салынған, II компоненттен 152 971 адам қамтылды. Мамандар вакцина алған тұрғындардың тек 0,1% вирус жұқтырғанын және салдары жеңіл өтетінін мәлімдейді.



## ЖАҒАН ЖАНАРЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯ

Қызылордалық еркін күрес шебері Дәулет Ниязбеков бүгін боз кілемге шығады. Шағын ауылда туып, осындай ең басты байрақты бәсекеде бір емес екі мәрте күш сынасу бақыты бұйырған Дәулет туралы айтар сөз көп.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

## Дәулеттің дүрілдейтін кезі келді

– Мен Жаңақорған ауданындағы спорт мектебінде қызмет атқаратын едім. Жетпіш сыныпта оқыған кезінде Дәулет маған еріп жұмысқа барып жүрді, – дейді анасы Гүлзада Шайдарова. – Сол

жерде жаттығу жасаған балаларға сырттай қызға қарайтын аңғардым. Бапкер Әбүтәліп Аманов оны шәкірттер қатарына қосты. Осылайша баланың спорттағы үлкен жолы басталды. Содан бері

тынбай еңбектенді. Қажыған жоқ. Бапкерінің әрбір айтқан кеңесін зердесіне түйіп, максатқа жету жолында өзін-өзі аямады. Бүгінге дейінгі табыстарының барлығы сол еңбекқорлығының арқасы деп

білемін. Әбүтәліп ағамыз да қай кезде де қасынан табылады. Дәулет балам Әлем чемпионатында күміс пен қола алса, Азия чемпионатында талай мәрте жеңіс тұғырынан көрінді.

4-бет





Жанакорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов жарты жылдық жұмысын қорытындылап, өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізді. Айтпақшы, аудан әкімі мақталық мәселелерді қозғайтын жаттауды жиналыс ауанын бұзып, алаңдатарлық мәселелерге ғана мән берді.

Сb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

байлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, ашықтық пен жариялықты қамтамасыз етеміз, әрі аудан бюджетіне қосымша қаржы түсіретін боламыз, – деді Р.Рүстемов. Аудан әкімі бюджетті нақтылау процесінің де

мал шаруашылығындағы өңдеу саласын дамыту керекін уақыт дәлелдеуде. Қазір біз мал басын көбейтіп, оны сатудан аса алмай отырмыз. Ендігі кезекте инвесторлар тарта отырып мал өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар ашуға мән беру қажет. Мал

салада нақты мекемеде, жұмыс орны мен нақты мамандық бойынша қажет, тапшы мамандар тізімін қалыптастыру керек. Сонымен қатар, жылдық жоспарға сәйкес бөлінген қаражат толық игерілген жағдайда электронды өтімін қабылдауды тоқтату тетігін де ескеру қажет.

– Сондай-ақ, құрылыс көлемі 1,7 млрд теңгеге жуықтап, өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есе артты. Биыл 2,2 млрд теңге әлеуметтік нысандар құрылысы жүруде. Дегенмен, аудан орталығында жер кезегіне қатысты көптеген мәселе бар. Кезектің өсімі бойынша облыста Қызылорда қаласынан кейін екінші орындамыз. Бұл бағытта кент орталығынан берілген жер тізімі мен уақытын зер-

# КҮРМЕҮ КІЛТІН ТАЛПЫНҒАН ТАБАДЫ немесе жаттанды әдеттен өзгеше өрілген жиын

көп уақыт алатынын атап өтті. Тұрғындар көтерген өзекті мәселені шешу үшін бюджетті нақтылауға кемінде екі-үш ай уақыт керек. Қаржы бөлінген соң мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жариялана- тын конкурс та екі айдан аса уақытты керек етеді. Тиісті рәсімдер үшін жалпы жиыны жарты жылға жуық уақыт кетеді.

– Сол уақыттарда тұрғындар ренішін де білдіріп жатады. Сондықтан осы процестерді онтайландыру жөнінде Парламент депутаттары, министрлер мен олардың орынбасарларына ұсынысымызды да айтып жатырмыз. Жыл соңына дейін салық базасын кеңейтудің кешенді жоспары жасалып, барлық есептік көрсеткіштерді бір орталықтан басқарып отыратындай бағдарлама жасау қарастырылуда, – деді аудан әкімі.

Ауданда негізгі салаларда он көрсеткіштерге қол жеткізіліп, өнеркәсіпте өсім байқалған. Шағын және орта кәсіпкерлік салу 5640-қа жетіп, былтырғыдан 16,9 процентке артқан. Бұдан бөлек, жыл басынан барлық қаржы көздерінен 423 жобаға 1 млрд 164 млн теңге қаржы тартылды. Сондай-ақ, сауда саласында өсім байқалып, бөлшек сауда көлемі 2,1 млрд теңгеге жуықтап, оның ішінде көтерме сауда көлемі 12 есе артты.

Бүгінде аудандың өнеркәсіп саласы облыстың 11,5 процентін құрап, Қызылорда қаласынан кейінгі екінші орында болса, өңдеу өнеркәсібі облыстағы көлемнің 27,7 процентін құраған. Сонымен қатар, алдағы жылдары бірнеше инвестициялық жоба іске асырылады.

Атап айтқанда, «Қызылорда АGROPlus» ЖШС-ның қуаты жылына 24 мың тонна томат пастасын өндіру жобасы, «Майнинг Консалт Ко» ЖШС-ның жылдық қуаты 1200 тонна полиметалл кенін өндіру және қайта өңдеу комбинатын салу жоспарланған. Мұнан бөлек «Жан-Арай» ЖШС жол бойы қызмет көрсету кешенінің құрылысы жыл соңына дейін басталады. Тойхана, кафе, асхана, қонақ үй мен монша қарастырылған кешен жылында 1500 тонна көкөніс сактайтын қойма, 50 гектар аймағы мен оны суландыруға арналған бассейні салынады.

Сондай-ақ, индустриялық-инновациялық дамы- тудың 2020-2025 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында республикалық Индустрия- ландыру картасына «Шахка Цинк ЛТД» АҚ-ның жылдық қуаты 4 млн тонна кең байыту фабрика- сын салу жобасы, өңірлік индустрияландыру кар- тасына «Қуат керамзит» ЖШС-ның жылына 3 млн дана блок шығаруға қауқарлы керамзит құрылыс материалдарын кірпіш және блок шығару жо- басы мен биыл іске қосылатын «Абуллуа» шаруа қожалығының жылына 3,5 мың тонна құс етін өндіретін фабрикасы енгізілген.

– Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жал- пы көлемі 6 млрд теңгені құрады. Дегенмен,

еті, сүті, терісі мен жүніне дейін өңдеуіміз керек. Бұл – өте ауыр және қомақты шаруа. Алайда оны ауданда жасайтын бөлек, біріншіден таза, ар- зан, сапалы өнім, екіншіден аудан тұрғындары жұмыспен қамтылатын болады. Бұл бағыттағы жұмыстарымыз да күн тәртібінен түспейді, ин- весторлармен келіссөздер жүргізілуде, – деді аудан әкімі.

Айтпақшы, ауданда күрші көлемі 1316 гектарға азайғанымен, егіс көлемі 449 гек- тарға артып, 36163 гектарды құраған. Себебі су тапшылығына байланысты әртараптан- дыру жұмыстары жүргізіліп, күрші орнына бидай мен көкөніс егілген. Ауыл шаруашылығында ауқым- ды жұмыс жасалып жатқанымен, өзекті мәселе де жоқ емес. Мысалы, Жанакорған – аймақтағы су тоспасы жоқ жалғыз аудан. Бүгінде су өткізу қабілеті төмендеп, көп жылдан бері суланды- ру жүргізілмегендіктен, қолдар жүйесі құрғап, аумақтың экологиялық ахуалы нашарлауда. Жайылымдық, шабындық жерлер құрап, мал суаттарының жойылуынан аурулар көбейіп, көлге қонатын құстар мекендерін ауыстырып, өңір аху- лы күрт нашарлады.

– Сырдария өзенінен су алатын «Келінтөбе» ма- гистральды каналы 30 мың гектардан аса суармалы егістік жерлерді сумен қамтамасыз етуде. Азық- түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал азығын молынан дайындау және су тапшылығының алдын алу Көктөбе ауылдық округінің тұсынан салына- тын су тоспасына байланысты болып отыр. Жоба ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің іс-шаралар жоспарына енгізілген. Тағы бір аяқсу көзі – «Тайпақөл-Қандыарал» көлдер жүйесін қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу де өзекті мәселе. Бұл жоба Жанакорған кенті мен 11 елді мекенді қамтиды. Толық жүзеге асқан кез- де барлығы 8880 гектар суармалы жер аяқсумен қамтамасыз етіледі. Аталған мәселеден Парламент депутаттары да, Су ресурстары комитеті де хабар- дар. Қазір жобаны Су ресурстары комитеті іздестіру- барлау жұмыстарын жүргізуде, – деді Р.Рүстемов.

Аудан әкімі алдын алмаған жағдайда ишелені ошағын қалыптастыруы мүмкін тағы бір мәселе- ні назарға алды. Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі тарапынан «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына республика бюджетінен 358,8 млн теңге бөлінген. Жоба ережесіне сәйкес «Электронды үкімет» веб- порталды арқылы өтімін тоқтасыз қабылданып жатқандықтан, қаржы жетіспеушілігіне бай- ланысты 83 қызмет алушы келесі жыл кезегіне қойылған. Бұл жағдай жыл бойы жалғаса беретін болса, кезектілікке қойылғандар сан еселеніп, қанағаттанбаған жағдайда жас мамандардың құзырлы органдарға жүгінуі көбейеді. Сондықтан сұранысқа ие мамандықтар тізбесін анықтап, әр

делеп, заңға сәйкес қолданылу мерзімі өтіп кеткен жер телімдері қайтарылып, кезекте тұрған басқа тұрғындарға берілетін болады. Келесі тоқсаннан бастап нәтижесін көреміз, – деді аудан әкімі.

Бүгінде ауданда электр бағаналары мен желілерінің 70 процентінің тозығы жеткен. Көбі өткен ғасырдың 1965-1970 жылдарынан бері келе жатқанын айтып, тұрғындар мен сала мамандары да дабыл қағуда. Мәселені жүйелі түрде шешу үшін қуны 3,4 млрд теңге болатын жоба дайындалып, алдағы жылы «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында іске асырылмақ.

Әлеуметтік салада жыл басынан жұмыспен қамту орталығына 2767 адам хабарласса, 1527 адам жұмысқа орналастырылған. Бұдан бөлек, жаңа бизнес идеялары жүзеге асыру үшін берілетін мемлекеттік грантқа республика бюджетінен 600 адамға 350 млн теңге қаржы қаралып, 294 адамға грант берілген.

– Мемлекеттік грантты алғандар келісім шартқа сәйкес 1 жылға дейін кәсіпкерлігін жап- пайды. Алайда, 1 жылдан соң жауып тастауға құқылы. Сондықтан бизнес идея жыл өттіей жа- тып тоқтап, кәсіпкерлік жабылып, азаматтар қайта жұмысыздар қатарын толықтырып жатқан жағдайлар кездесуде. Мемлекеттік грантты өз мақсатына сәйкес жұмсап, кәсіпкерлігін дамыту үшін шартты мерзімді 5 жылға ұзарту керек. Сон- да ғана азамат көсібін дамытуға мүдделі болар еді. Қазіргі жағдайда мемлекеттік гранттардың тиімділігі болып отыр. Жұмыспен қамту мәселесін алып қарайтын болсақ та жағдай көңіл көншітпейді, – деді Р.Рүстемов.

Аудан әкімінің айтуынша, азаматтар мемле- кеттен бөлінетін қаржыға жұмыс жасауға үйреніп алған. Жұмыспен қамтудың көп бөлігі – уақытша жұмыс орындары саналатын жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыс пен әлеуметтік жұмыс орындары. – Жұмысшы іздеген кәсіпкерлер әлеуметтік желі арқылы хабарлама беріп, 90-100 мың теңге жалақыға жұмысын таппай жатады. Азамат- тар сол жұмыстарға барудың орнына 42500 теңге төленетін қоғамдық жұмысқа таласып жатыр. Мәселе өткен айда арнайы аппараттық мәжілісте қаралды. Тұрғындарды жұмыспен қамту, кәсіп алу үшін мемлекеттік гранттар мен несиелер берудің көлеңкелі тұстарын анықтап жатырмыз. Сондықтан сыйбалас жемқорлық тәуекелдерінің жоғары екендігін айтып өткім келеді. Саладағы кемшіліктер саралануда, – деді Руслан Рүстемұлы.

Сонымен, бұл әдеттегі жетістіктер айттылып, өзекті мәселенің мәніне терең бойламай жататын жаттанды жиыннан өзгеше өрілді. Ұстаным дұрыс, елдің игілігіне бағытталған әрбір істен нәтиже болуы керек. Уақыт осыны талап етіп отыр. Ал, уақытқа және оның сұранысына ілесе алмай сыл- быр теңең сүресіз тіршілік болып қала бермек.



## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ: ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қоғамда ерекше балаларды көптің көзіне түсірмей, жеке қарау белен алған. Дегенмен, оқшау орта, онанша үй денсаулығы па- шар бала түгілі, сау баланы да қалыпты дамытпайтын белгілі. Сондықтан елімізде инклюзивті білім беру мәселесіне ерек- ше көңіл бөлінуде. Инклюзивті кабинеттер балаларды дамуына, басқалармен байланыс орнатып, өз қатірлерімен бірге өсуіне мүмкіндік береді.

«Nur Otan» партиясының облыстық сайлауалды бағдарламасында алдағы 5 жылда балаларды инклюзивті біліммен қамту шараларын 100 процентке арттыру көзделген. Биылғы меже – 80 процентке дейін жүзеге асыру. Бүгінде облыстағы мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алуын қамтамасыз ету мақсатындағы 2020-2022 жылдарға арналған жол картасы аясында жұмыстар басталды. Бірінші кезекте білім беру ұйымдарын инклюзивті кабинеттермен жабдықтау қолға алынды. Сонымен қатар 47 мектепте логопунт ашу, логопед ма- мамын қамту, 1 мектепке дейінгі ме- кемеден инклюзивті қолдау кабинетін жабдықтау, 9 тьютор маманымен қамту жоспарланған. Мұнан бөлек, 40 мектепте инклюзивті қолдау кабинеті, 2 ресурстық орталық, 2 аутизм бар балаларды қолдау кабинетін жабдықтау, 48,5 штат бірлікте арнайы маман, 18 тьютор алу көзделген. Жалпы өткен жылы 48 балабақша және 44 мектепке кабинеттер ашылған. Нәтижесінде мемлекеттік бағдарлама көрсеткіші бойынша инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектепке дейінгі мекеме үлесі – 52,8 мектептердің үлесі 86,3 процентті құрады.

Был жүргізілетін жұмыстар лог- опунт ашу және логопед маманымен қамту, 2 мектепке дейінгі мекемеден инклюзивті қолдау кабинетін жабдықтау, 47 логопед, 18 тьютор маманымен қамту жоспарланған. 27 мектепте инклюзивті қолдау кабинеті, 2 ресурстық орталық, 2 аутизм бар балаларды қолдау кабинетін жабдықтау, 48,5 штат бірлікте арнайы ма- мамдармен қамту қаралған.

Айтпақшы, бұл бағдарлама қол- қабылданады. Бұл мамандардың қамтылу көрсеткішінің 98 процентке жеткенін көрсетеді. Мұғалімдерді инклюзивті білім беру бойынша құрстан өткізу жұмыстарын айтатын болсақ, 1212 мектеп мұғалімі біліктілігін арттырып, 29-ы қайта даярлаудан өткен. Мектепке дейінгі ұйымдардың 488 қызметкері арнайы курста, 16-сы қайта даярлау курсына білім жетілдірген.

Облыс бойынша 21 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Жыл бойы ПМПК консультацияға 1500-ден астам, түзету кабинеттерінен 800-ден астам бала ар- найы маман көмегін алып, нәтижесінде 118 бала білім беру ұйымдарына қосыл- ды. Дегенмен, арнайы білім беру ұйым- дарының материалдық-техникалық ба- засына байланысты күрделі мәселелер жеткілікті. Сондықтан алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар атқарылатын болады.

Инклюзивті білім беру барысында қандай да бір дискриминацияға жол бер- меу, қоғамда теңдік қатынасты орнату – біздің ортақ мақсатымыз.

Гүлнар ЕСҚАЛИЕВА, облыстық әмеліхаттағы «Nur Otan» партиясы депутаты фракциясының мүшесі, Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы.

## «Бәйтерек» холдингі ауыл шаруашылығы блогының еншілес ұйымдарын қайта құру туралы

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бәйтерек» холдингі агроөнеркәсіптік блоктың еншілес компанияларын қайта ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырауда. Бұл ретте нәтиже фер- мерлер үшін қаржыландыруға қолжетімділікті қандай да бір жолмен қиындатпау тиіс. Аграрлық секторда жұмыс істейтін ком- паниялар бойынша шағын бизнеске микро- кредит беруді жүзеге асыратын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (Қор) «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға (АНК) қосылу жоспарлануда, ол өз кезегінде орта және ірі аграрлық жобаларды, сондай-ақ егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған. Осылайша, АНК бірінші салалық кредит беруші ұйым болады. Бұл фермерлерге жеңілдетілген кредит алу үшін әртүрлі жағдайларда қайта жүгіну ке-

рек деген сұрақтарды алып тастауға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтауларын лизинг бойынша республи- кадағы ең ірі компания «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Бәйтерек» холдингінен АНК-ға еншілес ком- пания ретінде берілетін болады. АӨК субъектілеріне банкет беретін кре- диттерге кепілдік беру жөніндегі Функционал Қордан Холдингтің басқа еншілес компаниясы – кәсіпкерлік субъектілері үшін банктік кредит- терге кепілдік беруді жүзеге асыратын «Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры» АҚ-ға беріледі. Компанияларды қайта құру процесіне қаржыландыруға қолжетімділікті қиындатпау керек. Мақсат – сабақтастықты қамтамасыз ету, нәтижесінде ол компаниялар клиенттерінің қызметіне әсер етпеуі тиіс.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымша

## Конкурс өткізу туралы хабарландыру

**Конкурс ұйымдастырушы:** «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» ММ. **Орналасқан жері:** Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 123 ғимарат, 213-бөлме. **Пошталық мекенжайы:** 120000. **Электрондық поштасы:** www.dkb401059@mail.kz **Байланыс телефоны:** 8 (7242) 40-10-59. **Конкурс ұйымдастырушы:** 18-29 жас аралығындағы жас кәсіпкерлердің жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жобаларына өтесіз негізде мемлекеттік гранттар беру. **Байқау түрі:** Ашық конкурс. **Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны:** Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 123 ғимарат, 213-бөлме, «Qoldau.kz» веб-порталы. **Конкурс ұйымдастырушының ұсыну тәртібі:** Конкурсқа қатысушы үміткерлердің өтінімдері «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасы» кеңсесінде қағаз түрінде немесе www.Qoldau.kz сайты арқылы электронды түрде қабылданады. **Конкурс ұйымдастырушының ұсыну мерзімі:** 2021 жылдың 09 тамызынан бастап 2021 жылдың 27 тамызын қоса алғанда, жұмыс күндері сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін (жергілікті уақытпен). Түскі үзіліс сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін. **Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты:** 2021 жылдың 09 тамызы, сағат 10:00 (жергілікті уақытпен). **Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты:** 2021 жылдың 27 тамызы, сағат 18:00 (жергілікті уақытпен). **Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданыбайды.** Сағат 18:00-ден кейін түскен өтінімдер содан кейінгі жұмыс күндері қаралады. **Өтінімдерді қабылдауға және конкурсқа қатысуға қажетті ақпараттың толық тізімін:** «Qoldau.kz» және «Facebook» әлеуметтік парақшасында, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасының ережелерінде «Әділет» ақпараттық-құқық- тық жүйесі (http://adilet.zan.kz) арқылы танысуға болады.

# Ел асып еңбек ету мәжбүрлік пе?

Пандемияға дейін Қазақстанға Орталық Азия- дан миллионға жуық мигрант келді. Кейбір жұмыс берушілердің саяси төлегісі, визамен жүріп-түру тәртібіне бағынғысы келмейтін себепті бұл – болжамды цифр ғана. Қазақстан Орталық Азия- да алатыншылар үшін нан табуға қолайлы жер болып тұр. Кейбір дерек көзіне сүйенген Азаттуқ олардың саны пандемия алдында 360 мыңдай болғанын алға тартты. Коронавирус кенінен тарап, шекаралар жабылған кезде де олардың бері қарай өтуі толастамаған. Өзбекстанның экономика және кедейшілікті қысқарту министрлігі биыл қантарда 209300 адамның осында болғанын мәлімдеді. Қонақжай қазақ құшағына одан басқа қырғыз бен тәжікті де сыйдырып келеді. Көрініс ел өкілдері Қазақстанның тартымдылығы ретінде мемлекеттердің менталитет, тіл, мәдениет жағынан ұқсастығын, сонымен қатар жұмысқа орналасу талаптарының қарапайымдылығын атаған. Мысалы, Ресейде орыс тілі және тарихы бойынша ем- тынан тапсыру керек болса, бізде ондай шарт жоқ. 1-бет

Екі қолға бір күрек іздегендер пандемия тұсында Ресейде әуе билеті мен жұмыс істеуге рұқсат беретін патентті қымбаттағанды да байланысты Қазақстанға күстай ұшқан. Біздің өңірде де құрылыс басында өзбектерді көбірек көзіміз шалатынын рас. Облыстық полиция департаменті көші-қон басқармасының мәліметі де мұны айғақтайды. Бүгінде Қызылордада еңбек етіп жатқандардың 80 проценті ауылы аралас, қойы қоралас елден. – Жыл басынан бері 2138 шетелдік аймаққа әртүрлі мақсатпен келіп, уақытша тіркеуге алын- ды. Оның 1540-ы – достастық елдерінен, 107-сі – алыс мемлекеттерден. Ал 9786 азаматқа қатысты рұқсат рәсімделді. Олардан жергілікті бюджетке салық төлемі ретінде 162 млн 429 мың теңге түсті, – дейді басқарма бастығының орынбасары Сағындық Қамитбеков. Сырттан келгендердің бір жылға дейін жұмыс істеуіне рұқсат. Бірақ ережелі елемендер, тәртіптен аттағандар аз кездеспейді. Есепті кезеңде шетелдік немесе азаматтығы жоқ 552 адам заң та- лабын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке

тартылды. Ал азаматтығы жоқ адамдарды қабылдағаны үшін 299 жергілікті тұрғын айыппұл төледі. 53 шетелдік әкімшілік жолмен республика аумағынан аластатылды. Еткен еңбек, төккен тері үшін тапқанының бір бөлігін мигранттар отанындағы отбасына жіберетіні анық. Осы жалғыз сәуірдің өзінде Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанға қаржылық жүйе арқылы 35,6 млрд теңге жөнелген. Бұл бергі жағы ғана болуы мүмкін. Өйткені олар ресми ақша ау- дарымы арналары қолданбай-ақ үйіне қолма-қол апаруы немесе жақын-жуығынан беріп жіберуі ғажап емес. Енді «өзбек немесе қытай істеген жұмысты қазақ алып жүре алмай ма?» деген сұрақ туын- дайды. Әлде бұған жоғары жалақы талап ететініміз түрткі ме? «Қазақ қара жұмысқа еңсіз» деп өзімізді қашанғы өзекке тебе береміз? Өйтпесек, отандық кәсіптік оқу орындарының жылда жұмысшы дайы- ындап шығаруының кемі жоқ. Облыстық білім басқармасының дерегіне сүйенсек, жергілікті 30 колледжде еңбек нарығына қажет 100-ге тарта мамандық бойынша 20 мыңға жуық жас білім алып

жатты. Былтыр мемлекеттік тапсырыс бойынша колледж бітірген 4 мыңнан астам студенттің 85,1 проценті жұмысқа орналасыпты. Осы шамалас көрсеткішке М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі де қол жеткізді. – Өткен оқу жылында 200-дей шәкірт бітірді. Тағы осыныша баланы оқуға қабылдау жоспарла- нып отыр. Бізде 14 жұмысшы мамандығы бойын- ша шәкірт тәрбиеленуде. Оның ішінде автослесарь, дәнекерлеуші, автотраншы болғысы келетіндер жетерлік. Материалдық-техникалық базаның нығаюы мен ұстаздардың біліктілігі кәсіби ма- мам қалыптастыруға септігін тигізеді. Бізде бұл қажеттілік толық жасалған, – дейді колледж дирек- торы Бақыт Кенбаев. Өндірістік тәжірибе кезінде еңбекке бейімділігін көрсете білгендерді жұмыс берушілердің өзі аттай қалап алады екен. Колледж басшысы шәкірттердің түгел дерлігі ауыл балалары, шаруа отбасынан шыққандардың қимылы ширақ екенін, қара жұмыс деп қымсынбайтынын айтты. Иә, кейбір ата-ана ұл-қызын кірпіш құйып, қран айдап, қомбайн

жүргізгенін ұят көреді. Өйтпесек, барлығына бірдей кәсіпке жұмыс қайдан табылсын?! Мәселенің бір ұшын алғиде шығардық. Мар- дысымсыз жалақыны мез тұтпайтынмыз бар, жа- сырып қайтейік?! Соңғы жарты жылда Қазақстанға көшіп келгендерге қарағанда көшіп кеткендер көп екен. Тәуір табыс, жақсы өмір іздегендер көбіне Ресей мен Оңтүстік Кореяны таңдайды. Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев Сыртқы істер министрлігіне Оңтүстік Кореямен келісіп, еңбек визасын алу тәртібін жеңілдету жолын қарас- тыруды ұсынды. Бұл отандастарымыздың аман- дығы мен заңды еңбек етуіне кепілдік болар еді. – 2014 жылы қазақстандықтарға виза беруді алып тастағаны бері заңсыз еңбек мигранттарының саны 359 адамнан 2019 жылы 12 мыңға көбейді. Оның ішінде 35 жасқа дейінгі еңбекке қабілетті ер адамдар көп, – деді депутат. Тенге темір үзетін азаматтарымыздың бұлай ел асуы қалыпты жағдай ма әлде дабыл қағарлық па? Қалай десек те, біз қолда бардың қадірін білмей отырған сияқтымыз. Өйтпесек, кім өз еліңде ұлтан болғысы келмесің?!

ТОЙБАЗАР ЕЛЕМЕСОВ – 115

ЗАМАН ЖАДЫНДАҒЫ БЕЙНЕ

Журналист Тойбазар Елемесов 1906 жылы Қазалы уезі, Шыбынды болысында туған. Зерек бала ауылдағы молдадан білім алып, ерте есейген, араб тілін үйренген. Байдың қойын бағып, жоқшылықтың да тауқыметін тартады. Содан білім қуып, Ташкентке барады. Шығыс жұлдызы Ғани Мұратбаевқа жолығып, сондағы интернатта оқуын жалғастырады. Ғанидың қамқор қушағына бөленген Тойбазар одан әрі түрлі білім ордаларында оқуын жалғастырып, Шымкенттегі Сырдария губерниялық педагогикалық техникумын бітіреді.

Қолында бір бума кітап-қағазы бар азамат ілтипатпен сәлемдесті:

– Мен осы газеттің соғыс жылдарында редакторы болған Тойбазар Елемесовтің ұлы Арлан боламын. Әкемінің өмір жолын сізге айтқым келеді. Әкемінің туғанына биыл 115 жыл толды. Естелік жазуға ықылас білдірсеңіз. Қалай қарайсыз? – Сөз жоқ, Тойбазар Елемесов сұрапты соғыс жылдарында, яғни 1939-1946 жыл аралығында «Ленин жолын» басқарған. Газеттің мазмұнын байытқан, жұртты ерлік еңбекке шақырған, қаламы ұшқыр журналист болғаны ақиқат. Сыр елінің малыш-диқандарының патриоттық бастамаларына ұйытқы болған азамат екеніне күмән жоқ...

Менің сөзіме Арлан бір көтеріліп, көзіне жас алды.

– Әкемді еске алатын, еңбек жолын білетіндер бар екен-ау, – деп шешіле сойлеп кетті. Сонымен, Тойбазар ағаны жазуға отырдым. Өмірбаянына көз жүгірттім.

Балалар үйінде тәрбиеленген Тойбазар Елемесов Ташкентке білім алуға барғанында шығыс жұлдызы Ғани Мұратбаевтың қамқорлығын көреді. Сонымен ертіп, бағыт-бағдарын беріп, интернатқа орналастырады.

Бала Тойбазар сол Ташкенттен және Шымкенттен білім алып, Аралға оралады. Алғашында «Шөмішкөлдегі» мектепте ұстаздық жолын бастайды. Содан соң мектеп директоры болса, онан әрі аудандық оқу бөлімін басқарды. Арал ауданын атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына жоғарылады.

1935 жылдары Ақтөбе облыстық атқару комитетінің орынбасары болып, шырша мектебін өтті. Туған жер ыстық қой, көршілес облыста еңбек етіп, Аралға оралды. Біраз жыл аудандық «Екпінді балықшы» газетінде редактор болып, жас журналистер шоғырын жасақтады. Балықшылар өмірін жан-жақты көрсетіп, жұртты еңбекке шақырды, талай патриоттық бастамалардың ұйытқысы болды.

Қаламы ұшқыр журналист Тойбазар Елемесовтің еңбек жолы осылайша жалғаса берді. «Жетіқара» алтын комбинатында орталық комитеттің ұйымдастырушы хатшысы болып, іскерлігімен танылды. Кеншілердің өмірінен мақалалар жазып, олардың проблемалық мәселелерін көтерді, еңбек адамдарының тыныс-тіршілігін сан алуан қырынан көрсеткен газет жанрларына оқырмандар шынайы ықылас білдірді. Көп ұзамай Тойбазар Елемесов Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газеті жауапты редакторының орынбасары, мұнан соң «КазТАГ-тың» жауапты жетекшісі, «Правда» газетінің тілшісі қызметін қоса атқарды. Сауатты, білімді азаматқа ықылас көбейді. Кейін «Қазақстанға правда» газетінің Қызылорда облысы бойынша тілшісі болған жылдары да оқырмандар жүрегіне жылы ұяла бастады. Облыс өмірінің сан алуан жаңалықтары республика көлеміне кеңінен таралып, насихатталды.

Тойбазар Елемесов Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне басшылыққа ұсынылды. Бұл кезде гагандизмге қарсы күрес жүргізіліп, еңбек адамдарының сан алуан қырынан көрсетті. Диқан-малшылардың патриоттық бастамаларына қолдаушы болды, елдің рухани серпілуіне дәнекерлік жасады.

– Әкем зейнетке шыққан соң облыстық мәдениет басқармасында автоклуб менгерушісі болды. Малыш-диқанлар ауылын аралап, насихат жұмыстарын атқарды. Жас өнерпаздар шоғырын жасақтады. Алыс ауылдардағы қазақ салт-дәстүрін, өміршең ғұрыптарын насихаттады, лекциялар оқыды, ақындар айтысының

өріс алуына бірден-бір себепші болғаны бар. Бізді, отбасындағы немерелерін автоклубқа отырғызып алып, диқан-малшылардың ерен еңбегін көруге әр сапарға алып шығатын. Бұл бізге үлкен мектеп болды. Ел тынысына қанығып өстік. Дала тұрғын тұрған тарих екенін білдік, – дейді ұлы Ерлан Елемесов.

Әлі есімде, «Ленин жолы» редакциясына күн сайын бір кісі келеді. Зор денелі азаматқа таңырқай қарайды. Кенеске келген бойда өз замандасы Орман Нұрқабаев, Ахметжан Нұрекеев, Әбділда Құрманов, Әбдікерім Оналбаевты іздейді.

– Бұл кісі кім? – дейміз. Сонда әріптесіміз Қомшабай Сүйенішев: – Бұл – ағаларың Тойбазар Елемесов. Соғыс жылдарында бес жыл бойы осы «Ленин жолын» басқарған редактор. Қазір зейнеткер. Өзі ұшқан ұясын, коллектив сағынса редакцияға соғады, естеліктер айтады. «Жанқожа», «Аралдағы айқас» атты екі роман жазып, басына ұсыну әрекетінде жүрген жазушы-журналист, – деп таныстыратын.

Тойбазар Елемесов екі бірдей романның авторы еді. Өмірінің соңғы жылдарында романның үзіндісін «Ленин жолының» бірнеше нөміріне жариялап, оқырмандар тарапынан ықыласқа бөленді.

Талантты журналист 1971 жылы дүниеден өтті. Зайыбы екеуі ұрпақ өспірі, немере сүйді. Айда, Айдан, Ерлан, Арлан, Алдына сынды ұл-қыздарынан өрбіген Елемесовтер әулеті бір-бір байтөрекке айналды.

Қала орталығында Тойбазар Елемесов атында көше бар. Ұрпақтары сол көшеде серуендеп қайтудан жалықпайды. Бұл құрмет пен өнегенің белгісі, жақсы жанын жақсы ұрпақ тәрбиелей алуының айғағы болса керек.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазастанның құрметті журналисі



«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 50-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова

ЖОБА

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 50-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова

Әкімдіктің № қаулысына қосымша

2021 жылғы «...»

Әкімдіктің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы» 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1308 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 6641 болып тіркелген).

2. «Қызылорда облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 27 тамыздағы №51 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 6908 болып тіркелген).

3. «Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы» 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №1308 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 9 желтоқсандағы №148 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 7887 болып тіркелген).

ДІН МЕН ДІЛ

Адамзат тарихында пайда болған барлық діндер гуманистік идеяны, қоғамдағы рухани құндылықтарды насихаттаған. Ешбір дін ауылдық пен қиындық, зорлық-зомбылыққа жол бермеген. Дегенмен, адамдар арасында білік пен байлыққа талас туындағанда діннің атын жамалып, мистикалық ұғымдарды, медитациялық тәсілдерді пайдаланған, ораторлық қабілеттерін дамытқан теріс пингылды белсенді индивидтердің әрекеті әртүрлі діни ағымдардың пайда болуына әкелді. Бұл құбылыста ислам діні де шет қалмады.

РУХАНИ КЕМЕЛДІК ӨЛШЕМІ

Ислам діні қазақ даласына таралу кезінде Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Игүнеки, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Қожа Ахмет Ясауи, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, т.б. шоқтығы биік тұлғалардың рухани көкейіне елеулі әсер етті. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мұстафа Шоқай, Шоқан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды ағартушы зиялылар ғұмыр баспаладында алғашқы сауатын медреседен ашқан. Осыдан-ақ дәстүрлі ислам құндылықтары халықты рухани кемелденуге, алаңгершілік пен имандылыққа тәрбиелігін аңғаруға болды.

Тарих сахнасында қазақ халқы діни сенімді, рухани мұраларды билікке қол жеткізу мақсатында саяси құрал ретінде пайдаланбаған. Шығыс пен Батысты жалғастыраған Жібек жолындағы сауда-саттық барысында будда, христиан діндері де Ұлы дала төріне таралып үлгерді. Алайда, дін мәселесі төңірегінде алауыздықтар, өзге дін өкілдерін кемсіту секілді оқиғалар болмаған.

Замана келбетінде жақсылық пен жамандық, қараңғылық пен жарық, мейірімділік пен зұлымдық қатар жүргендіктен, бейбітшілікке үйдейтін ислам әлемімен бірге соғыс отының тұтануына мүдделес топтардың жүретінін табиғи заңдылық деп те қарауға болады. Мұндай масштабты хаосты көздейтін, қарулы қақтығыс арқылы мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян тигізетін әрекеттерді терроризм дейді. Бұл – саяси мақсатты сылтау ретінде, күш қолдану, қоғам мен мемлекетке қысым жасау, қасқана қылмыстық іс-әрекет.

Терроризмнің үш сипаты бар: біріншісі – саяси, екіншісі – діни және үшіншісі – ұлттық сипаттағы төңкеріс. Жекелей топтасақ, саяси сипаты – революциялық жолмен билікті басып алуға, қоғамдық резонанс тудыру арқылы мемлекеттің күйреуіне апаратын әрекет, діни сипаттағы терроризм – діни ұғымдарды, догмаларды алға тартып, лаңкестік әрекетке шақыру және жасау, ұлттық сипаты – ұлттаралық қақтығысқа, фашистік идеяға басымдық беру арқылы елдің тыныштығы мен бірлігін бұзуға әкелетін әрекет.

XVII ғасырда пайда болған бұл ұғым соңғы 20 жылдықта кеңінен қолданыла бастады. Бұған себеп 2001 жылғы 11 күркүйекте АҚШ-та болған рухани кемелденуге, алаңгершілік пен имандылыққа тәрбиелігін аңғаруға болды.

Сондықтан, сыртқы ықпалды күштеудің құрығына ілінбей, діни фанатизмге жол бермеу үшін ата-баба дәстүрімен біте қайнасқан рухани және мәдени құндылықтарымызды бағалау, интернет кеністігі мен қоршаған ортадан ақпарат алмау барысында ішкі сүзгімен өткізу және Тәуелсіздігімізді сақтау жолында еңбек етуіміз қажет деп білеміз.

Тарихта теократиялық мемлекет, халифат құру секілді мәселелер көтерілмеген. Қоғамдық шешімдерді бейбіт түрде шығару үшін билер алқасы орындап отырды. Бұл тарихи фактілер халық дүниетанымында діни тағаттылықтың орнына қалыптасқан.

Терроризм – біздің тарихи санамыз бен табиғи болмысымызға жат құбылыс.

Дархан ЕРНАЗАРОВ, облыстың ІІІ істері басқармасының маманы

БРИФИНГ

Су ресурстарын басқарудың жаңа жоспары

2025 жылға дейінгі су ресурстарын басқару жөніндегі Ұлттық жобаға Сыр өңіріндегі су тапшылығын әсерін төмендету жоспарын енгізуге ұсыныс берілді. Бұл туралы облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Қайрат Жансұлтанұлы айтты.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жоспарлы шараларды Ұлттық жоба құрамына енгізсе аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жобалар жолға қойылақ. Жоспар аясында 17 жаңа жоба іске асырылады деп көзделуде. 4 бағыттан тұратын жоспардың бірінші кезеңінде экологиялық сауықтыру мәселесі қамтылса, екінші кезеңде қосымша су көздерін ұлғайту жұмыстары қолға алынады. Қашықтық суды қайталама пайдалану мен сумен қамтамасыз етуді жақсарту жұмыстары жоспардың үшінші және төртінші кезеңдерінде қамтылған.

Сонымен қатар Көкқарал бөгенінің «СБ» ақпарат

Аң аулау ережелері

Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы бұйрығымен бекітілген «Аң аулау қағидалары» ел аумағында аң аулау тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Аң аулау – кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау болып екіге бөлінеді. Кәсіпшілік аң аулау – кәсіпкерлік қызмет мақсатында аң аулау объектісіндегі жануар түрлерін олжалау. Аң аулау (спорттық) аң аулау – спорттық, эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында және олжаланған өнімді жеке пайдалану үшін аң аулау объектісіндегі жануар түрлерін олжалау. Ұлттық аң аулау – аушы жыртықшы құстар мен аңшылық итердің ұлттық тұқымдарын пайдалану, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісіндегі жануар түрлерін олжалау.

Кәсіпшілік аң аулайтын аңшыда келесідей құжаттар – аңшы куәлігі, жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат немесе аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы болуы керек. Бұған қоса аңшы жыртықшы құстың паспорты, жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарт және аңланған жануарларды есептеу журналы (кәсіпшілік журналы) болған кезде жүзеге асырылады.

Ұжымдық (топтық) кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығы субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамды тағайындайды. Әуесқойлық (спорттық) аң аулау кезінде, аңшы өзімен бірге аңшы куәлігі, жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаты, аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамаларын, атыс қаруын, патрондарын сақтау мен алып жүруге кезде жыртықшы құстың паспорты болуы тиіс.

Аң аулау аяқталғаннан кейін аңшы бір жерден екінші жерге көшкен кезде аңшылық атыс қаруын оғы алынған күйге келтіреді. Егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқандар дүние резервтік қорында, елді мекендер жерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда аң аулау ережелеріне сәйкес аңшылық атыс қаруын қолдану қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейтін қашықтықта, егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерде, су бетіндегі өсімдіктерді жағып, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып, жойып аң аулауға тыйым салынады.

Аң аулау барысында осы аң аулау қағидалары және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларында белгіленген тәртіптерді қатаң сақтау маңызды.

Рақымжан БУРАБАЕВ, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының аңшылық шаруашылығы бөлімінің басшысы

Экологиялық сараптама

Қызылорда облысының білім басқармасының «Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернат» КММ Қызылорда облысы бойынша экологиялық сараптама жүргізуге Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасөбегет кенті, Амангелді №25 мекен-жайындағы Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатты ғимаратының күрделі жөндеу жұмыстарының жобасын «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасына өткізеді.

Экологиялық кодекстің 57-бабының 2-пунктіне сәйкес барлық азаматтарға және қоғамдық ұйымдарға мемлекеттік экологиялық сараптамадан өту мерзімінде осы объект бойынша мәліметтер алуына және өз ойларын білдіруге болады.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуыңызға болады: 8 (7242) 70-01-13 (қабылдау бөлмі).

Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатты КММ

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекұлы (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 19 шілдесінде қайтыс болған азамат Райымбек Біләл Жақыпұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаяв көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және сала ардагерлері департамент зейнеткері Маханов Сұфханберді Мұхтарұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығының ұжымы орталық дәрігері Ергалиева Жадияра Ергалиқызына анасы Бисенқұл Толғанқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Advertisement for KazTransOil featuring a large 'ЕСКЕРТУ' (Warning) sign. The text includes safety instructions for drivers, passengers, and pedestrians, as well as information about the company's services and contact details. It also mentions a 'Халықтың кәсіпорындардың ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына' (Attention of citizens, enterprises, organizations, and households).



# ЖАНАН ЖАНАРЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯ

## Қамшыбек – қола жүлдегер

Сыр елінің перзенті Қамшыбек Қоңқабаев Токио Олимпиадасына үлкен жауапкершілікпен барғанын жақсы білесіздер. Алдымен ол айтулы жарыстың ашылу салтанатында еліміздің атынан тұрған шықты. Және ол бокстан ұлттық құрама капитаны. Айналып келгенде, бұлардың барлығы спортшыға үлкен салмақ артады. Біз жерлесіміз мұндай міндетті сәтті атқарып шықты деп санаймыз. Әлемнің әр қиырынан келген жампоздар арасында жүлдегерлер қатарында бой көрсетті.

Қамшыбектің қай қарсыласы да осал болған жоқ.

Алғашқы жекпе-жегінде мысырлық Юри Резк Мұстафа Хафезбен тартысты бәсеке өткізді. Африка құрлығының өкілі қазақстандық боксшыға теуерінді қарсылық көрсетті. Десе де Қамшыбек сыр білдірген жоқ. Қарсыласының осал тұсын тауып, оған дәл соққылар жазады. Ал ширек финалда жерлесіміз ресейлік Иван Верясовпен кездесіп, тағы бір тартысты жекпе-жекті жанкүйерлерге тарту етті. Сауатты ойын көрсетіп, төреші Қамшыбектің қолы көтерді.

1-бет



Жартылай финалда АҚШ спортшысы Ричард Торрезбен шеберлік байқаса да, мүмкіндік алды. 22-жастағы спортшы бұған дейін әуесқой бокста 60 жекпе-жек өткізіп, оның 51-е жеңіске жеткен. 2016 жылы жастар арасындағы Әлем чемпионатында қола жүлдегер атанды. Ал 2019 жылы Панамерикан ойындарында да дәл сол жетістігін қайталап, сол жылы Әлем чемпионатында ширек финалда қарсыласына нокаутпен ұтылған болатын.

Ричард Торрез бұдан бұрынғы қателіктерінен сабақ алған секілді. Жекпе-жек басталған сәттен соққы жұмсауға көңіл бөлді. Бірінші раундта Қамшыбек те қарап қалған жоқ. Ал төрешілер шешімімен бірінші раунд американдық боксшының еншісіне жазылды. Екінші раундта жерлесіміз әбжіл қимылмен көзге түсіп, басымдығы аңғарылды. Шешуші раундта Қамшыбек жаракат алып, Ричард Торрез финалда өзбекстандық Баходир Жалоловпен жүддырықтасын болды.

Енді жартылай финалда қазақстандық тағы бір боксшы Сәкен Бибосынов (52 келі) ұлыбританиялық Галал Яфаймен шаршы алаңға шығады.

«СБ» ақпарат

## Дәулеттің дүрілдеуінің кезі келді

Ел біріншілігінде сан мәрте алтыннан алқа тақты. Ендігі жеңіс – Олимпиада медалі. Токиоға аттанар алдында балам ел намысын абыроймен қорғауға бар күшін салатынын айтқан еді. Жолы болып, сол биіктен көрінсе деймін. Қазірге дейін Дәулеттің белдесуін тікелей эфирде көрген емеспін. Анасымын ғой, оған жүрегім шыдай бермейді. Жеңіске жеткенін балаларым айтып жатады. Отбасында баламнан өзге спортшы жоқ. Дәулеттің әкесі – Шора ұзақ жылдар бойы Жаңақорған ауданында механизатор қызметін атқарды. Биыл зейнет демалысына шығады. Бауырлары – Мәлдір, Жанар, Несібелі, Ай-нұр түрлі салада еңбек етеді. Дәулеттің өзі отбасылы, үш баласы бар. Үлкені – Райана гимнастикамен айналыса, екіншісі – Әзиз суға жүзген шұғылданушы. Үшіншісі әлі кішкентай. Келініміз банк саласында қызмет жасайды.

1-бет

Қайсыбір бапкер болмасын шәкірттің шыңға шығуына тілектес. Өйткені әрбір жеңісте оның еңбегі жарқайды.

– Мен оны спортқа алғаш келген кезінен білемін. Қай кезде де жерге қаратқан емес. Әрбір белдесуіне тас-түйін дайындықпен келеді. Қазірге дейінгі жетістігі сол қасиеттерінің арқасы. Олимпиадаға екіншісі біреуі бара алмайды. Еліміздің белгілі мамандары Дәулеттің еңбегін жоғары бағалайды. Қашанда оны Ұлттық құрама қатарына сан алуан сайыстарға қосып жүр. Бұл Дәулеттің тәжірибесі толыса түскенін көрсетеді. Осы жолы Олимпиадаға аталған салмақта сынға түсетін балуандардың барлығы дерлік Дәулетке жақын таныс. Десе де, осал қарсылас жоқ.

Сондықтан Дәулет әрбір белдесуіне үлкен жауапкершілікпен қарайды деген ойламыз, – дейді Дәулеттің жеке бапкері Әбүтәліп Аманов.

### ТАНЫМ



## Тұқым қоры туралы не білеміз?

Супермаркетте арбасын сүйретіп, күнделікті қажетті тамағын алатын адам «азық-түлік тауарлары қайдан келеді, қалай өндіріліп жатыр?» деген сұрақтармен бас ауырта бермейді.

Бдырыс ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы»

Жер шары халқының саны жыл өткен сайын өсіп келеді. Оларды тамақпен қамтамасыз ету үшін қазіргідей екі есе көлемде азық-түлік тауарларын өндіру керек болады. Бірақ егістіктердің өнім көрсеткіші планета тұрғындары санының өсіміне ілесуі қиындауға алып келеді. Қазіргі тауарлардың өндірісіне өткен ғасырдың өзінде көптеген дақыл сорттарын жоғалтып алған екенбіз. Мәселен, кейінгі жүз жыл шамасында Қытайдың егістік далаларынан бірдей сорттың 90%-і жойылып кеткен. Түрлі табиғи апаттар немесе ядролық соғыс салдарынан одан да көп нәрсені жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан да адамзат өмірі мен табиғат тіршілігі үшін маңызды ауылшаруашылық дақылдары мен дәрілік өсімдіктердің тұқымдарын сақтап қалу идеясы өткен ғасырдың 80-жылдары пайда болған еді. Алайда, ол идеяны 2004 жылы Өсімдіктердің генетикалық ресурсы жөніндегі халықаралық келісім жасалғанша жүзеге асыру мүмкін болмады.

Ақыр соңында бұл жоба 2006 жылы қолға алынды. Осы жылы Норвегия мемлекеті аумағындағы Шпицберген аралында Дүниежүзілік Тұқым қоры құрылысы басталып, ол 2008 жылы пайдалануға берілді. БҰҰ-ның қолдауымен салынған нысан құрылысына 9 млрд доллар жұмсалған. Бұл шығынды Норвегия үкіметі және әйгілі миллиардерлер Рокфеллер және Билл Гейтстің қорлары көтерді.

Ғалымдар қойма орны ретінде Шпицберген аралын тектен-тек таңдаған жоқ. Бұл аралға тектоникалық белсенділік қаупі төнбейді. Оған қоса, теңіз деңгейінен 130 метр биіктікте орналасқан арал мөңгілік мұз құрғанын жатқандықтан, өсімдік тұқымдарының дұрыс сақталуына ықпал етеді. Қойма таудың астында 120 метр, теңіз деңгейімен есептегенде

Койма қатаң қорғалатындықтан, оны әлемдік Тұқым банкі деуге де болады. Оның есігі жаңадан келген тұқымдарды қабылдау мақсатында жылына екі-ақ рет қана ашылады. Бұл күні қойма ішіне зерттеуші ғалымдардан бөлек, бірнеше журналистке ғана кіруге рұқсат етіледі. Оған туристер баруына тыйым салынған.

Шпицберген – тұқымдардың сақталуына өте жағдайлы жер, тіпті, зерттеушілердің болжамы бойынша, ондағы тұқымдар жүздеген жылдар бойы сақталып тұра алады.



Рысбай КӘРІМОВ, зейнеткер, еңбек ардагері

Төрткүл дүние көз тіккен жазғы олимпиаданың аяқталуына санаулы күндер қалды. Қоржында әзір қола медальдар ғана бар. Бұл – Қазақстан үшін қанағаттанғысыз көрсеткіш. Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Осы бір еліміздің торқалы тойына бес жыл бойы дайындалған спорт саласының басшылары, олардың спорт федерациялары түрлі салалық, облыстық, аудандық комитеттері мен тренерлері, осы салаға жауапты азаматтар мен мамандарының олимпиадаға жолдаманы жеңіп алған спортшылар қандай дайындықпен келгенін көрсетуде. Егер қола медаль алған азаматтар болмағанда, құралақан қайтуымыз да мүмкін еді.

## Жанкүйердің не жазығы бар?

Әдетте Ту мен Гимн Мемлекет басшысы арнайы сапармен шетелге барғанда, шетел басшысы біздің елге келгенде және дүниежүзілік, құрлықтық, спорттық сайыста жеңіске жеткен елдің құрметіне көтеріліп, шырақалады. Дүниежүзілік спорттық сайыс – бұл бейбіт замандағы жан беріп, жан алысқан сайыс. Бұл – әлемге өз елің көрсетіп, таныстырудағы патриоттық, елжандылық, ұлтжандылық спорт майданындағы айқас. Осындай спорттық сайыстың биік тұғырына көтерілген елдің спорттағы жетістіктері сол елдің экономикадағы, мәдениеттегі, спорттағы, саясаттағы, халықаралық қатынастағы беделі мен орнын көрсетеді. Дүниежүзі халықтары ол елдің жетістігін мойындайды, ол елмен санасуға мәжбүр болады. Мысалы, АҚШ, Ресей, Жапония, Қытай және т.б. елдер. Біздің спортшылар кенестік

одақ кезінде де олимпиада чемпионы мен жүлдегерлері болғаны анық. Оны былай қойғанда, өткен Рио-Де-Жанейродағы олимпиадалағы жетістігімізге жете алмай, кері кетудеміз. Мұның басты себебі «Жауыр-дүйе жаба тоқуымызда». Санаулы дүниежүзілік, құрлықтық елдің ішкі жарыстарында жүлделі орын алып жүрген ат төбеліндей спортшыларға арқа сүйеп, спорттың бұқаралық халық арасында насихаттаудың пәрменсіздігі деп білеміз. Біз сонау өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап, кеңес одағының спорт сайысындағы майталман тұлғаларына жанкүйер болғанбыз. Атап айтқанда, қақпашы Яшин, футболшы Стрельцов, Метрели, Ломоносовский, Сегиббаев, палуандар Иваницкий, Бұғыбаев, жеңіл атлетикадан Әмин Тұжов, боксшы Нұрмаханов, Ричардас Тамулис, тағысы тағы.



Осы мақаланы жазып отырғанымда 1980 жылы жазда Мәскеуде олимпиаданың қалай өткендігі есіме түсті. Сондағы олимпиада символы «Мишканың» қоштауындағы спортшыларды қалай жылатқаны, оған қоса біздердің жылағанымыз ойыма түсті. Спорт – бейбітшілік әлемі. Халықтар достығын насихаттайтын алтын тін. Бұл күндері біздер – егеменді еліміз. Спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында ел қазынасынан күрделі қаржы бөлініп, спорттық кешендер мен нысандар салынып, сала-ның материалдық-техникалық базасы нығаюда. Спортшылардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлары, оларды қаржылай қолдау жылдан-жылға жақсарып келеді. Шетелдердегі сайысқа қатысуға және оқу жаттығу өткізуге ешқандай кедергі жоқ. Бәрі де мемлекет тарапынан шешілген. Осындай қамқорлық бола тұра, біздің үкілеген спорт саласының басшылары мен қосшылары, спортшылары көрсетілген сенімді ақтай алмай келеді. Спорт саласының мамандары мен басшылары, тренерлері «арық сөйлеп, семіз шығуды» орнына көрегенділік жасап,

«пәлен алтын, түген күміс, қола аламыз» деп жанкүйерлерді алдарқатып келеді. «Ұра алмайтын шоқпарды бөліңе байлама» дегендей, неге біздер Рим олимпиадасының жүз метр қашықтығын бағындырған Әмин Тұжовтың із-басарларын дайындамасқа?! Спорттың бұл жеңіл атлетика түрінен біздерде мүмкіншілік мол.

Көп қаржыны талап етпейтін диск, балға, найза лақтыру, садақ ату, суда жүзу, биіктіктен секіру ұлтымызға тән спортты неге дамытпаймыз? Францияда жыл сайын өтетін велоспорт Тур-де-Франс велояртысына «Астана» деген сары жейдені кигізіп, шетелдік велоспортшыларды жарысқа қосамыз. Оларды ұстау үшін қомақты қаржы бөлінеді. Осындай спорт түрлері бізде жеткілікті. Неге оны өзіміздің жоғарыда айтқандай, ұлттық спорттымызды дамытуға жұмсамаймыз. Қорыта айтқанда, жеңіске идеологиялық, психологиялық, патриоттық тұрғыда дайын болмағанымызды көрсетеді. Дзюдошылар Галбадрах Отгонцэцэг, Жансай Смағұлов, Дидар Хамза, Ислам Бозбаев, боксшылар

Серік Теміржанов, Абылайхан Жүсіпов, Бекзат Нұрдаулетов, Василий Левит жарыстағы алғашқы күндері қатардан шығып қалды. Олардың қарсыласымен кездескенде көздерінде жеңіске деген сенімді байқай алмадық. Грек-рим күресінің палуандары сол күні түгелдей жеңіліс тапты. Олардың көбісі қарсыластарына бірде-бір айла-тәсіл қолдана алмады. Айта берсең олимпиадалық сайыстың басқа түрінде де осындай жағдай орын алды. Мен жас кезімде футбол, бокспен шұғылданған, әскерде суда жүзуден дивизияның біріншілігіне қатысып, жүздеп орын алған азаматпын. Спорт мен үшін бәрінен де қымбат. Әскерде орыс жоластарында бұл жүзуді құмның арасында жүріп, қалай үйренгенсің деп әзіздейтін. Мен оларға Сырдария өзенінің жағасында туды, сол жерде тұрдым. Бәрін сол жерде үйрендім дейтінмін. Бүгінгі спорт оның қандай түрі болмасын, жиырмасыншы ғасырдың спорты емес. Заманына қарай аламы дегендей, уақыт көрсеткендей әдіс-айтпа шапшаңдық қатар жүріп, жеңіске жетемін, менім артыма кара ормандай халқымыз деген ой мидан шықпау керек. Қазір күштілік «силовый» бокс, күрес, дзюдо, таэквандо, тағы басқа спорт шапшаңдық пен жылдамдықты қажет етеді. Әр спорттың өзіндік классикалық талаптарын орындамау кейде етек алып барады. Бұлар Латын Америкасы, Шығыс Азия, Африка спортшыларына тән. Оны елеп, бағалап жатқан ешкім жоқ. Қысқасы, бұл Олимпиада оң-солымызды мықтап тұрып елекке салу қажет екенін көрсетіп берді.

Рысбай КӘРІМОВ, зейнеткер, еңбек ардагері



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес  
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.